

5. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы: Ғылым, 2000. – 420 б.
6. Из истории депортаций. Казахстан. 1935-1939 гг. Сборник документов. Т2. – Алматы: LEM, 2014. – 740 б.
7. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956) Сборник документов. Алматы: ТОО Издательский дом Казахстан, 2000. - 344 б.
8. Кан Г.В. История корейцев Казахстана. Алматы: Ғылым, 1995. – 207 б.
9. Айсфельд А. Депортация, спецпоселения, трудовая армия. Алматы, 2003. – 286 б.
10. Уралов А.С. Народоубийство - убийство чечено-ингушского народа. Москва, 2003. – 256 б.
11. Габдуллина А.Ж. Социально – культурное развитие турецкой диаспоры в Казахстане (1944 - 2000). Алматы, 2008. – 137 б.
12. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы, 2000. – 256 б.
13. Земсков В.Н. Спецпоселенцы (по документам НКВД – МВД СССР). Социологические исследования, 1990. – 234 б.
14. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века, Алматы, 1997. –360 б.
15. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930 – 1956 гг.). Алматы, 2006. – 344 б.

ХІХ БЕН ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР РЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰСТАНЫМДАРЫ. ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Шотбакова Л.К., т.ғ.к, профессор

Мусин А.М., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

ХІХ бен ХХ ғасырдың басында қазақ жеріне түрлі этностардың күштеп, әрі ерікті түрде қоныстандырылуының нәтижесінде, патша үкіметінің отарлау саясаты толығымен жүзеге асырылған болатын. Сол уақыттағы кез келген жазба деректері, тарихнама болсын, барлығы да қазақ жұртының өзіндік мінез-құлықтарының стереотиптері туралы кеңпейілділік, ашықтық, ұлт аралық қатынастардағы ксенофобияның жоқтығы туралы мәліметтер кездесін жатады. Халқымыздың тарихи жадының негізінде, қазақ ұлтының этносаралық қатынастардағы дәстүрлі стереотиптеріне анализ жасау арқылы, қазақ жерінің түрлі этностардың екінші отанына айналуының факторларын қарастыру мақаламыздың негізгі мақсаты болмақ.

Тақырыпқа қатысты тарихнамада кездесетін белгілі бір тарихи уақыт аралығындағы қазақ халқының күнделікті өмірдегі мінез-құлқы; саяси, мәдени, этникалық-конфессиялық оқиғалар аясындағы қарапайым адамдардың күнделікті өмірі алынады. Оған ментальдық тарих, әлеуметтану, антропология, әлеуметтік, мәдени және этникалық тарих, сонымен бірге тарихи психология сияқты көптеген ғылым салалары жүгінеді. Қазақстан тарихындағы халқымыз бен оның мемлекеттілігін зерттеудің ғылыми бастамалары орыс ғалымдарының еншісінде. Себебі, «Отар елдің тарихын, отарлаушы ел жазады». Қазақ хандығы Ресей империясының метрополиясына айнала бастаған уақытта авторлардың ғылыми аясы кеңейе түсті. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап хандықты зерттеу тақырыптары күнделікті тәртіпке айналып, арнайы мекемелер, ұйымдар өз жұмыстарын жүргізе бастады. 1861-1917 жылдар аралығындағы жергілікті қазақ халқы мен қоныс аударылғандар арасындағы саяси-

экономикалық, әлеуметтік және мәдени тарих: революцияға дейін де, кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта да зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Әр кезеңнің зерттеушілері өз заманының талабына сәйкес ғылыми көзқарастар мен методологиялық қағидаларды басшылыққа ала отырып, патша үкіметінің жүргізген саясатының өңірдің саяси-экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және мәдени өміріне тигізген әсерін жан-жақты қарастырып, тиісті тұжырымдар жасады. Дегенмен, XIX бен XX ғ. басындағы этносаралық қатынастарды қалыптастырушы негізгі фактор ретіндегі қазақ халқының дәстүрлі ұстанымдары күнделіктілік зерттеу әдісі тұрғысынан отандық тарихнамада алғашқылардың бірі ретінде қарастырылып отыр десек те болады. Себебі, отандық тарих ғылымында соңғы кездерге дейін макротарих мәселелеріне баса көңіл аударылып, күнделікті өмір тарихы ғылымның жаңа зерттеу әдіс-құралы ретінде енді қолға алына басталды.

Тарихты күнделікті өмір тұрғысынан қарастыру XX ғасырдың 90 жылдарында Ресейде жалғасын тауып, зерттеушілер тарих ғылымының зерттеу нысанына байланысты жаңа көзқарастар ұсынып, таным теориясын кеңейту, оның когнитивті және әлеуметтік ғылым салаларымен байланысын талқылай бастады. Орыс тарихшысы Н.Л.Пушкарева күнделіктілік тарихының методологиясына қатысты: «Күнделіктілік тарихы – адамның күнделікті өмірін тарихи-мәдени, саяси және этникалық-конфессиялық контексте қарастыратын тарихғылымының жаңа саласы» - десе, күнделіктілік тарихының зерттеу аясы туралы: «әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірде орын алып жататын оқиғаларды қалай қабылдайтынын, оның мінез-құлықтағы көрінісін күнделікті тұрақты түрде қайталанып отыратын өмір сүру салтымен қоса жан-жақты зерттеу. «Күнделіктілікті» анықтаудағы негізгі түйін тұрақты түрде қайталанып отыратын жағдайлар болып табылады» [1]-деген қорытынды жасайды.

Революцияға дейінгі тарихнама. XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ өлкесін өзіне бағындырған патша үкіметі халық қоныстанған жер-суды, шаруашылық жағдайын, жер көлемі мен табиғи байлығын мақсатты түрде зерттей бастады. Ол кездегі зерттеушілер патша үкіметінің арнайы тапсырмасын орындаушы шенеуніктер, саяхатшылар, шығыстанушы ғалымдар, тарихшылар мен географтар және т.б. еді. Олар зерттеу барысында белгілі бір методологиялық қағидаларды басшылыққа ала бермеді. Десек те, олардың отандық тарихымызға қатысты жазып қалдырған еңбектері, біз үшін құнды болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында дәстүрлі қазақ қоғамы өлкеге нарықтық, капиталистік қатынастардың енуіне байланысты, күнделікті өмірдегі халықтың мінез-құлқы мен өмір сүру салтында өзгерістер орнай бастаған болатын. Аталған уақыт шеңберінен тақырыпқа қатысты ауыз әдебиетінен қазақ қоғамының өмірі жайлы материалдар жетерлік. Осы бір халық ауыз әдебиетінің көркем туындыларын ғылыми тұрғыдан сүзгіден өткізіп, алдыңғы мағұлматтар қатарына қосу негізгі мәселелердің бірі деп ойлаймын. Пәнаралық байланыстың қажеттілігі де осында туындайды.

Алайда, периодты визуализациялауда XIX-XX ғасырлар көлемінде өмір сүрген халықтың тіл мәдениетінің көрнекті өкілдерінің қағаз бетіне түскен шығармалары заман бейнесін ашып көрсетеді. Ақындық өнер, көшпенді өркениетіміздің рухани байлығын айқындайтын, қазақ халқын басқа мәдениеттерден ерекшелендіретін дүние. Сол уақытта өмір сүрген ақын-жыраулар қазақ жерінде орын алып жатқан саяси оқиғалардың куәгерлері әрі белсенділері, халықтың әлеуетін суреттеушілер. Олардың шығармалары арқылы: билік пен халық байланысын, сол уақыттағы қоғамдағы өзекті мәселелерді, әлеуметтік проблемаларды, хандықтың сырт елдермен қарым-қатынасы жайлы авторлардың ой-толғамдарын, көзқарастарын біле аламыз. Себебі ақын-жырауларды өзіндік саяси салмағы бар, дәстүрлі қазақ қоғамын байланыстырушы, ойын еркін айтушы шығармашылықты жанына серік еткен тұлғалар ретінде қарастырамыз.

XIX ғасырдың бірінші жартысында патша үкіметінің отарлау озбырлығы күшейді. Ұлт-азаттық көтерілістер басып-жаншылғаннан кейін халық ертеңгі күніне сенімсіздікпен қарады. Жерінен айрылған халық әдеп – ғұрып пен қазақы мінезінен де айрыла бастады.

Патша үкіметі енгізген жаңа әкімшілік шаралар қазақ болмысына тән еместі. Ұрлық, өсек, талас – тартыс, алауыздық, арызқойлық – қазақ қоғамының осы кезеңдегі жемісі болды. Еркіндікпен бостандықтың, дәстүр мен европалық метрополиядан еңген жаңа тәртіптердің шегінен шиеленісуі Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөнкеұлы сияқты «Зар заман» ағымы ақындарының шығармалары арқылы қабылдады. Олар ХІХ ғасырдағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды аяусыз сынады. Жазушы М. Әуезов атап кеткендей, «Зар заман» дәуірінің ақындары ХІХ ғасырдың ортасына дейін елдің өткен еркін өмірін аңсап, ұлтты рухани құндылықтарынан ажырамауға шақырды, халықтың тағдырын мұң-зармен жырлады. Олар патшалық Ресейдің отаршылдық өктемдігіне, халықтың өз жерінде ауыр жағдайға түскеніне көнбеді. «Зар заман» ақындары елінің ертеңі үшін алаңдады, өткенді сағынышпен, аңсаумен еске алды. Болыс басшыларының паракорлығы, кейбір қазақ билерінің әділетсіздігі, қоғамда белең алған жала жабу, өсек айту т.б. сынға алынды. Бұл тығырықтан шығу жолын кейбір ақындар о дүниемен ғана салыстыруға барды. Ел басына түскен қасіретті ақыр заманмен теңеді [2].

Революционер, ақын, этнограф, саяхатшы және жазушы Адольф Янушкевич есімі қазақтар, орыстар, белорустар үшін бірдей мағынаға ие. Ғылыми еңбектері көпшілікке танымал: «Дневники и письма из путешествий по киргизским степям» кітабы, «Киргиз», «Дневник поездки в Сибирь» поэмалары мен өзінің анасы мен достарына жіберген хаттарында: қазақ рубасыларының, батырлардың, ақын-жыраулар және т.б. туралы ерекше тебіреніспен жазады. Ғалымның аталған шығармаларын тарихнамалық тұрғыдан да, дерек ретінде де алып қарастыруға толық негіз бар.

Өзінің досы Густав Зелинскийге жазған хатында: «Скажу тебе несколько слов о султанине Бараке и бие Кунанбае. Султан Барак – потомок ханов, ведущий свой род от Чингисхана. Он еще в цвете лет, это человек величественной осанки, с благородными чертами лица и необычайной силы. Щедрая природа наделила этого степного Геркулеса рядом с выдающимися умственными способностями и сильным характером и неустрашимым мужеством. Он был воспитан в рыцарских обычаях, как сын барона феодальной эпохи: никто метче его не стрелял из лука, никто быстрее его не укрощал дикого жеребца... Байга, этот киргизский турнир, охота и баранта (барымта – К.М.), на которых пальма первенства всегда увенчала его тело, широко разнесли по степи славу этого молодца. Немногим старше султана Барака би Кунанбай (отец Абая – К.М.), это тоже большая знаменитость в степи. Сын простого киргиза, одаренный природой здравым рассудком, удивительной памятью и даром речи, дельный, заботливый о благе своих соплеменников, большой знаток степного права и предписаний ал Корана, прекрасно знающий все российские уставы, касающиеся киргизов, судья неподкупной честности и примерный мусульманин, плебей Кунанбай стяжал себе славу пророка, к которому из самых дальних аулов спешат за советом, молодые и старые, бедные и богатые. Облеченный доверием сильного рода Тобықты, избранный на должность волостного управителя, исполняет ее с редкостным умением и энергией, и каждое его приказание, каждое слово выполняется по кивку головы» [3].

Одан бөлек Б.В. Смирнов, Г.К. Гинс және А.Н. Красновтың еңбектерінен Жетісу тұрғындарының шаруашылығы, тұрмысы, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтардың, жергілікті халық пен шенеуніктердің өзара қарым-қатынасы көрініс берсе, А.Янушкевич қазақ халқының тұрмысына, күнделікті өміріне қатысты құнды мәліметтер қалдырған. Н.А. Бобровников пен С. Граменицкий патша үкіметінің Жетісудағы ағартушылық бағытындағы жұмысын талдауға алып, оның отаршылдық мәнін ашып көрсетсе, Т. Седельников және О.А. Шкапски сияқты патша әкімшілігінің шенеуніктері патшалық биліктің отаршылдық саясатын ашықтан-ашық сынға алады [4].

1909-1913 жылдарда Жетісу облысындағы жергілікті тұрғындардың иелігіндегі «артық жер» көлемін анықтау мақсатында патша үкіметі П.П.Румянцев басқарған экспедиция ұйымдастырған болатын. Экспедиция қорытындысы жарияланған еңбектерде Жетісу қазақтарының тұрмысы мен шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, жер көлемі туралы маңызды мәліметтер топтастырылған. К.К.Пален басқарған сенаторлық тексеру

қорытындыларында облыстың білім саласындағы, сот және сайлау жүйесіндегі заңсыздықтар ашып көрсетіліп, шенеуніктердің өз қызметтеріне немқұрайлы, жауапсыз қарайтындығын, олардың көбінің білімі мен кәсіби деңгейінің төмендігінен тікелей паракорлық пен қылмысқа жол беріліп отырғанын; қонысаударушылардың келуімен бірге қоғамға жат қылықтар пайда болып, қылмыстың артқанын ашып көрсетіп, өлкедегі орыс билігін сынға алады.

Бұл аталған еңбектердің бәрі патша әкімшілігінің отаршылдық саясаты аясындағы түрлі талаптарын қанағаттандыру мақсатында жазылып, өз кезегінде шет аймақтардағы отарлық билікті нығайта түсуге ықпал етті. Соған қарамастан зерттеу жұмысын жазып шығуда бұл еңбектердің біз үшін маңызы зор, тарихнамалық құндылығы жоғары болды.

Сонымен бірге аталған тарихи кезеңде өмір сүрген қазақ зиялыларының шығармалары да біз үшін аса құнды болып, тақырып мазмұнын аша түсуге зор ықпал етті. Ш.Уәлиханов [5] патша әкімшілігінде шенді қызмет атқарып жүрсе де, ұлтының мүддесін ешқашан ұмытқан емес. 1864 жылы патша үкіметінің қазақ даласына енгізу үшін дайындап жатқан реформаларына наразылық білдіріп, ол қазақ қоғамының ішкі ерекшелігіне сәйкес келмейді, «реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді» - деп ескертеді. Сондай-ақ, ол артына қазақ этнографиясы мен тарихына қатысты мол мұра қалдырған. Оның халық арасынан жинақтаған мақал-мәтелдерді, орыс ықпалына түсе бастаған жергілікті халықтың тұрмыс- тіршілігінен, көңіл-күйінен мол ақпараттар береді.

Алаш қайраткері Ә.Бөкейханның еңбектерінде [6] патша үкіметінің отаршылдық саясатының мәні халықтың тұрмысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, рухани-мәдени өмірінің көріністері арқылы барынша ашып көрсетіледі. Автор сонымен қатар отарлық езгіден құтылу үшін халықтың санасын оятуды мақсат етіп, қазақ арасында ағартушылық идеяларын насихаттайды. М.Тынышбаев патша әкімшілігінің қазақтардың иелігіндегі жерлерді заңсыз алып, олардың құқығын аяқ асты қылып отырғанын, әлеуметтік жағдай, жер дауы, санақ қорытындысы, мал басының кемуі сияқты қазақ қоғамының сол кездегі өзекті мәселелерін қозғайды. Қоныс аударушылар мен жергілікті қазақтар арасындағы шиелінске толы байланыстарында өзара шағымдану көп болған. Алайда қаншама арызданғанымен қазақтардың арыз-шағымы көп жағдайда қанағаттандырылмай отырылған.

Сондай-ақ, революцияға дейін жарық көрген «Қазақ», «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Туркестанские ведомости», «Туркестанский сборник», «Семиреченские областные ведомости», «Семиреченский еженедельный сельскохозяйственный журнал», «Киргизская степная газета» сияқты мерзімді басылымдардың қарапайым халықтың күнделікті өмірін ашып көрсетуде маңызы зор болды.

Мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарының үлкен бөлігі Кеңестік тарихнаманың өкілдері болып табылатын ғалымдардың еңбектері құрап отыр. Ресейдегі қазан революциясының жеңісінен кейін патша үкіметі иелік еткен орасан зор аймаққа кеңес үкіметі орнады. Кеңестік жүйе өзінің қарамағына енген елдердің саяси өмірін, қоғамдық-экономикалық даму бағытын өзгертіп қана қойған жоқ, ғылым саласына да ықпал ете бастады. Ортақ кеңестік идеология қалыптастыруға күш салынып, ғылым саласы мемлекет пен партияның қатаң бақылауында ұсталды. Тарихшы ғалымдарымыз өздері өмір сүріп отырған қоғамның сұранысына сай тұжырымдар жасауға мәжбүр болды.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын П.Г.Галузо [7] патша үкіметінің қоныс аудару саясаты арқылы қарастырып, XX ғасырдың басында Жетісу өлкесінде жағдайдың өте қатты шиеленісіп кетуіне Түркістан өлкесінің басқа аймақтарына қарағанда өлкеге қоныс аударып келушілер санының шамадан тыс артып кетуі себеп болған деп тұжырым жасайды. Ғ.Тоғжанов халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын капиталистік қатынастардың дәстүрлі мал шаруашылығына, егіншіліктің даму барысына әсері арқылы қарастырса, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева дәстүрлі киім түрлерінің өзгеруі арқылы, ал В.В.Востров пен И.В.Захарова тұрғын үй құрылысының дамуы мен тұрмыстық бұйымдардың өзгеруі, В.В.Востров дәстүрлі жерді пайдалану жүйесіне әсері тұрғысынан талдауға алады. Т.Тәжібаев патша үкіметінің

қазақ жеріндегі отаршылдық саясатының мәнін ағартушылық бағыты арқылы ашып көрсетсе, Ә.Х.Марғұлан мен В.В.Востров жеріндегі империялық саясаттың мәдениет пен тұрмысқа келтірген зиянын халықтың бірлігіне, ағайындық, туысқандық қарым-қатынастарға, дәстүр мен дінге кері әсері тұрғысынан көрсетеді [8].

Н.Е.Бекмаханова [9] XIX ғасырдың II жартысынан 1917 жылға дейінгі патша үкіметінің қонысаудару саясатының Қазақстан мен Қырғызстанның, соның ішінде Жетісу аймағының да көп ұлттың мекеніне айналуына ықпал еткенін қарастыра отырып, капиталистік қатынастар аясындағы олардың өзара қарым-қатынасын, тұрмыстық-шаруашылық байланыстарын, халықтың ауыр тұрмысын ашып көрсетеді. Б.С.Сулейменов пен В.Я.Басин патша үкіметінің Жетісудағы қонысаудару саясатының жергілікті халықтың шаруашылығына келтірген зияны, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі қарсаңындағы Жетісу қазақтарының көңіл күйі жөнінде нақты мәліметтер береді.

Әрине әр еңбек пайда болу уақытысына қарай өзіндік құндылықтарға ие. Мысалы Кеңестік билік жылдарында жарық көрген ғылыми жұмыстар белгілі бір идеологияның шеңберінде ғана жазылғанымен, құндылығы өте жоғары деп айтуға толық негіз бар. Олардың қатарында Г. Сапарғалиевтың «Карательная политика царизма в Казахстане», сондай-ақ Х.А. Аргынбаевтың «Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX века и начале XX века» атты еңбегі де қонысаударушылар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас мәселелері ашылған және де Н.Г. Аполлованың «Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI - первой половине XIX вв» және «Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.: (социально-экономический аспект)» еңбектерін атап өтуге болады [10].

Тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасы. Мәселенің зерттелу тарихының бүгінгі таңдағы деңгейі көңіл толарлық. Олай дейтініміз біздің қарастырып отырған мәселе тура әрі нақты зерттелмегенімен оның әртүрлі қыры түрлі зерттеу жұмыстарына арқау болған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ аталмыш мәселе зерттеу жұмыстарының нысанына айналды. Атап айтқанда Р.М. Таштемханованың «Переселенческая деревня и ее взаимосвязи с казахским аулом во второй половине XIX – начале XX века», Ж.М. Асылбекованың «Национальные индустриальные кадры Казахстана в конце XIX – начале XXI вв. Социально-демографический аспект» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы негізгі тұжырымды ойлар мен көтерілген мәселелер басшылыққа алынды. М.Қойгелдиевтің еңбектерінде патша үкіметінің Жетісудағы билігінің отаршылдық сипаты шаруашылық, халықтың әлеуметтік жағдайы, рухани-мәдени өмірдің көрінісі арқылы барынша ашып көрсетіледі [11].

З.Т.Садвокасова, Н.Д.Нұртазина және Р.М.Мустафина отарлық саясаттың рухани өмірдегі көрінісін, сананың орыстандырылуы мәселелерін қарастырса, М.Егізбаева капиталистік қатынастардың қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетіне әсерін тұрмыстағы өзгерістер арқылы көрсетеді. «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» атты ұжымдық еңбекте көшпелі және отырықшы өркениеттердің тоғысы, оның жергілікті халыққа әсері, отырықшылықпен келген тұрмыс-салтқа жат әдеттерді халықтың қалай қабылдағаны, күнделікті өмірдегі өзгерістер талдауға алынады [12].

Тақырыпқа қатысты жасалған тарихнамалық шолу XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының саяси- экономикалық, әлеуметтік дамуының өзіндік ерекшелігі болғаны және патша үкіметінің өңірінде отаршылдық саясат жүргізгені туралы қорытындыны бекіте түседі. Аталған уақыттар аралығындағы қоғамдық өмірге, шаруашылыққа, тұрмысына, мәдениетіне, жалпы өмірдің барлық саласына енген өзгерістерге қатысты зерттеу жұмыстарының көптігіне қарамастан, қазақ қоғамы мен қоныс аударушылар арасындағы күнделікті өмірінің мәселесі отандық тарихнамада арнайы зерттелмегендігіне көз жеткіздік. Алдағы уақытта отандық тарихнама басқа да гуманитарлық ғылым салаларымен тығыз байланыста болып, халқымыздың тарихын қайта жаңғыртуда жоғары маңызға ие болуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пушкирева Н.Л. Предмет и методы изучения истории повседневности. /Электронды ресурс: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21339954>
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 240 б
3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. — Алма-Ата, 1966. — 198 с.
4. Калмырзаев А. Национальный менталитет и национальный дух // Мысль. - 2000. - № 8-9 с.
5. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1./Ред. алқа: Қ.С.Алдажұманов, т.б. —Алматы «Толағай групп», 2010. — 376 б
6. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. 9 томдық. Т.VI/ Құраст.: Ж.С.Аққұлұлы. —Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2013. -520 б.
7. Галузо П.Г. Туркестан-колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года). — Москва, Коммун. Ун-т трудящихся востока им. И.В.Сталина, 1929. —162с.
8. История Казахстана: народы и культуры. Под ред. Масанова Н.Э. - Алматы, 2000. — 608 с.
9. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII-60-е годы XIX в.). —Москва: Издательство «Наука», 1980. —280 с.
10. Аполлова Н.Г. «Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI - первой половине XIX вв» М., 1960. - 254 с.
11. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917ж.) — Астана: «Елорда», 2004. — 216 б.
12. Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX-XX вв.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. — Алматы, 2006. — 59 с.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ЕДІГЕ БАТЫР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Шакимурат А.А., магистрант

Ғылыми жетекші т.ғ.к, доцент Джумабеков Д. А.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Көптеген қаһармандық эпостардан тарихта жасаған адамдардың бейнесін іздеу мүмкін емес, ал «Едіге батырға» зор тағылымдық, танытқыштық қуат берін тұрған қиялдағы емес, халықтық санада өшпестей болып таңбаланған Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардың ізі екені даусыз.

Қазақта атакты, даңқты үш батыр болған делінсе, солардың бірі ер Едіге. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағының екінші томында өзі жинаған халық ауыз әдебиетінің ең асыл үлгілерін енгізіп, ішіндегі аңыз, әңгіме, ертегілер, айтыс та, эпостық жырлар да көпшілік жұртшылыққа ұсынылды. Аңыз әңгімелер мен ғылыми әдебиеттерді оқи отырып салыстыру.

Қазақ үш жүз деген атқа ілінбей елдігі, жұрттығы көзге көрініп білінбей жүрген күнде қазақ ортасында Бабай түктес Шашты Әзіз делінген диюана болыпты. Қаратау маңайында Мыңжылқы деген таудың бауырында бір булақта дәрет алып, намаз оқуы үшін меншікті мекен-жай қылып жүріпті [1,78 б].

Бабай түктес Шашты Әзіз делінген диюана басына түскен келеңсіз оқиға желісімен бірқатар оқиғаларды басынан өткереді.

Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі болмақ, белгісі сол болар деді де аққу болып ұшып кеге берді, - дейді. Диюана мұны елең қылып күзетіп күре ме?! Қыз баланы уәде бойынша бесігімен алып келін тастап кетті дейді. Үстінен кез болып тауып алған біреу Түркістанда